

"ПРИБОР-АЛМАТРОНИКС" ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҒЫЛЫМҒА СҮЙЕНЕТІН ӨНДІРІСТЕРДІ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 3 мамыр 1994 ж. N 468

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің Қазақстан Республикасында ғылымға сүйенетін өндірістерді дамыту жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің нақты жобаларын қарастырсын және оларды Экономиканы өзгерту қорының, Ғылым қорының қаржысынан, сондай-ақ валюталық кредит жүйесін ашу есебінен қаржыландыру мүмкіндігін іздестіретін болсын. <*>

Ескерту. 2-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМЖ-нің 1995.06.09. N 809 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігін тиісті ұлттық мемлекеттік және республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалардың тапсырмаларын жүзеге асыруға қатыстыру мүмкіндігін қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Еңбек министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы облысы мен қаласының әкімдері "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Шағын бизнес орталықтарын құру тәртібі туралы" 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 884 P930884_ қаулысына сәйкес ғылымға сүйенетін шағын бизнес орталықтарын құру жөніндегі ұсынысын қарап, оларды экологиялық таза аймақтарда жер учаскелерімен, өндірістік үй-жайлармен және материалдық ресурстармен қамтамасыз етуде жәрдем көрсететін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігіне оның балансындағы зертханалық-өндірістік үйлерді жеңілдікті шарттар негізінде жалға беру туралы

мәселені белгіленген тәртіппен шешетін болсын.

6. Алматы қаласының әкіміне "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігі мен оның құратын ғылымға сүйенетін шағын бизнес орталықтарын 1996 жылға дейін олардың қалыптасу кезеңіне қаланың электрмен және жылумен жабдықталуын дамытуға үлес қосып қатысу қаржысын төлеуден босату ұсынылсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Білім министрлігі жыл сайын "Прибор-Алматроникс" ғылыми-техникалық бірлестігінің кемінде 5 жас қызметкерін шет елдердің жетекші оқу және ғылыми орталықтарында оқуға және тәжірибеден өтуге жіберуді көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі